

Профайлинг

I деңгей

1. Бразилия Федеративтік Республикасы;
2. Оңтүстік Америка құрлығының шығыс және орталық бөліктерін алып жатқан мемлекет.(Жер аумағы – 8,5 млн. км²), климаты-экваторлық (солтүстік бөлігі), субэкваторлық, тропиктік (орталық және оңтүстік бөлігі), субтропиктік (қиыр оңтүстік-шығыс) ендіктерде орналасқан. Климаты негізінен ыстық, жауын-шашын мөлшері әр түрлі.

I ДЕНГЕЙ.



3. Халқы-189 млн.адам (2007ж.) Этникалық құрамы: ақ нәсілдер – 54,7%, зәңгілер – 5,89%, мулаттар – 38,45%. Бұған қоса 3 млн-нан астам иммигранттар (жапон, италиялық, неміс, араб, француз, т.б.) тұрады.

4. Туы



Атақты тұлғалар


Андре Фелипе Рибейро до Соуза – Бразилия футбол ойыншысы, «Атлетика Минейро» және Бразилия ұлттық құрамасының шабуылшысы.



**Клаудия Литте —
бразилия эншісі.**



**Родриго Жункейра дос Рейс Санторо —
бразилия актёры. «Реальная любовь»,
«Я люблю тебя, Филлип Моррис»,
сонымен қатар «Остаться в живых»
фильмінде Пауло ролін сомдаған.**



II ДЕНГЕЙ.

1. Мемлекеттік тілі-португал тілі. Негізгі тілі португалы болғанымен, мемлекет құрамындағы тайпалар 180-нен астам тілде сөйлейді
2. Халықтың көпшілігі христиан дінін ұстанады. Діни нанымы жағынан бразиялықтардың көпшілігі-католиктер, елде протестанттар.
3. Тарихы -
 - Бразилия жеріне адам неолит дәуірінде қоныстанған. 16 ғасырдың басына дейін Бразилия жерін тупи-гуарани, тупинамбас, ботокуд тамойос, короадос, т.б. үндіс тайпалары мекендеген. Олар аңшылықпен, балық аулаумен, жер өңдеумен шұғылданып, темекі, какао, т.б. дақылдар өсірді.
 - 1822 жылы қаңтарда Бразилияның тәуелсіздігі жарияланды. 1824 жылдың наурыз айында елдің тұңғыш конституциясы қабылданып, конституциялы монархия орнады.
 - 1960 жылы жиырма бірінші сәуірде ел астанасы Рио-де-Жанейродан Бразилиа қаласына көшті.

4.Мәдениеті.

- Барлық бразилиялықтар **Paraianos (Хаваянас)** аталатын сүйретпе киіп жүруді ұнатады. Олар осы аяқ киіммен мейрамханаға да бара береді.
- Дәстүр бойынша, бразилиялықтар өмірлеріне шағым айтпайды, тіпті көңіл-күйі нашар кездің өзінде "Қалың қалай?" (Tudo bem) деген сұраққа "Бәрі керемет" (Tudo) деген жауапты айтады.
- Сериал мен футбол ешқашан бірдей уақытта көрсетілмейді. Себебі, олар үшін екеуі де өте маңызды
- Бразилияда ағылшын тілінің маңызы жоқ. Бұл тілмен онда ештеңе бітіре алмайсыз.

ІІІ ДЕНГЕЙ.

1.1 айды дайындыққа жұмсаймын және ол ел туралы мәліметтерді көбірек іздестіремін.

2.Бразилияға баратын болсам өзіммен бірге жолдан адасып қалмау үшін картаны, киім-кешек,басқа да заттарды алатын едім.

3.Бразилия жалаушасын,ол жақтың жеміс-жидектерін (апельсин,банан т.б.), мемлекеттің суретін, ыдыстарын, бразиялықтардың сүйретпе аяқ киімін алып келетін едім.

IV ДЕНГЕЙ.

Қазақстан

Айырмашылықтары

Бразилия

1. Мемлекеттік тілі-қазақ тілі.
2. Ірі қалалары-Астана, Алматы, Қарағанды.
3. Тәуелсіздік күні-16 желтоқсан,1991 жыл.
4. Ақша бірлігі-теңге

1. Мемлекеттік тілі- португал тілі.
2. Ірі қалалары-Рио-де Жанейро,Сан Паулу, Белу-Оризонти.
3. Тәуелсіздік күні - 7 қыркүйек, 1822 жыл.
- 4.Ақша бірлігі -реал.

Ұқсастықтары:

1.Мемлекет басшысы – президент.

2.Ұлттық тағамдары – ет.

3. Бразилияда ешкім ешқашан уақытында келмейді. Бұл жағынан қазақтарға ұқсас екен.

Мәселен, қонақтарды сағат беске шақырған болсаңыз, 7-8-ге күтсеңіз болады. Бұл әдет тек қонақтарға қатысты емес, Бразилияда сериалдар мен жаңалықтар 15 минут кешігіп басталады

Менің бұл профайлингті жасағанымға 8 сағат уақытым кетті.

Қиналған тұсым : мәдениетінде аз ғана қиналдым.